

**«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп- интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Қамқоршылық» кеңесінің жиналысы
Хаттама № 4**

Жиналысқа Жетісай қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, мектептегі қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жумабаев Мугалбек Жунусұлы, қамқоршылық кеңес мүшелері, «Дарын» мектеп- интернатының директоры К.Алиев, ДОИЖО Н.Нұрмағанбетов және ДТІЖО А.Тоқтаров қатысты.

Күн тәртібінде:

1.Мектеп директоры К.Алиевтің есебін тыңдау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жумабаев Мугалбек Жунусұлы бүгінгі жиналысты «ашық» деп жариялап, күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегі мектеп директоры К.Алиевке берілді. Директор К.Алиев өз сөзінде төмендегідей мәліметтерді айтып өтті.

«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп - интернаты» КММ-де қазіргі таңда 318 оқушы білім алып жатыр. Мақтаарал және Жетісай аудандарынан келіп білім алып жатқан оқушыларымыздың 289-ы толық отбасынан шыққан оқушылар. Жартылай жетім балалар саны - 29 оқушы, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны -12, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар саны -289.

Қазіргі таңда пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында мектебіміздің бітіруші 9-11-сынып оқушыларынан басқасы, қашықтықтан оқып жатқанын айтып өтті. Мектеп-интернатта дарынды балалар, оқу озаттары мен үздік оқушылар және түрлі салада жеңімпаз оқушылар өте көп. Білімге қолдау көрсету және балаларға терең білім алуға мүмкіндік жасау мақсатында мектеп кітапханасы компьютерлермен, электронды оқулықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп - интернатта балалардың білім алуына, спортпен шұғылдануына, бос уақытын тиімді ұйымдастыруына жағдай жасалған. Соның нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі озат оқушылар. Атап айтқанда: 2020-2021 оқу жылында «Елбасы» медалін жеңіп алған оқушылар бар, олар, 11- сынып оқушысы Тоғманов Мұхаммед пен 9 сынып оқушысы Есен Сара. «SAINT LOUIS» және «American University in Bulgaria» университеттерінің грантын Тоғманов Мұхаммед деген оқушымыз жеңіп алды. Республикалық ғылыми жобадан үш оқушы орын алды, олар: Тоғманов Мұхаммед II орын. Хайбулла Нұрғиса мен Ускенбай Орал деген оқушылар алғыс хат алды. Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 14 жеңімпаз оқушы бар. «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық байқаудың облыстық кезең жеңімпазы Алтынбек Қуаныш

деген оқушы. Мектебіміздің үш оқушысы Татен Сержан, Әмірбек Нұрхан, Құрбан Диас Қ.А.Яссауи олимпиадасына қатысып, Қ.А.Яссауи атындағы университеттің білім грантын ұтып алды. Сонымен қатар биылғы оқу жылында мектеп бітіруші 45 жас түлектің 24-і «Алтын белгі» белгісіне үміткер болса, 6-ы «Үздік аттестатқа» үміткер болып отыр.

Жыл сайын жалпы білім беретін пәндер бойынша өтілетін пән олимпиадаларында да мектеп шәкірттері жеңімпаздар қатарынан табылуда.

Берілген білімнің қорытындысы болып табылатын ҰБТ сынақтарында да мектеп түлектері жыл сайын үздік үштіктің бірі болып, еліміздегі алдыңғы қатарлы оқу орындарының грант иегерлері атанып келеді.

Жалпы білім беру ұйымдарында карантин кезеңінде 2020-2021 оқу жылында оқушылардың сабақ оқуына уақытша пайдалануға көмек ретінде, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және жартылай жетім балаларға, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың сабақ оқуына мүмкіндік жасау мақсатында мектепке мемлекет есебінен келген 2 планшет, 6 компьютер және 120 ноутбук тарқатылып берілді.

2020 жылы көршілес жатқан Өзекстанда су бөгеттің бұзылуынан туындаған апатты аймақта, Өргебас ауылы, Бірлік көшесі № 10 үйде тұрғыны, біздің мектептің 10 «А» сынып оқушысы Қонысбеков Тұрсын Сейділдәұлының отбасына психологиялық көмек көрсетілгенін және демеушілер көмегімен жиналған 105 мың (жүз бес мың) теңгеге оқуға қажетті кеңсе заттарын алып бергенін айтып өтті.

Сонымен қатар, мектебіміздің көпбалалы отбасынан шыққан 9-сынып оқушысы, Мақтарал ауд. Иіржар а/ә. Мақтажан Ә.Сертаев көшесі №1 үйдің тұрғыны Ережеп Нұралы Ерболұлының денсаулығына байланысты ота жасатқанын, дәрігерлер қойған диагнозы: «Прикрытая перфоративная язва луковицы 12 персной кишки. Диффузный серьезно гнойный перитонит» екенін және Ережеп Нұралыға қайырымдылық көмек көрсетілгенін айтып өтті.

-Бұл айтылып өткен мәселелер атқарылған жұмыстардың бір бөлігі, алдағы уақытта да жоспарға сай атқарылар іс шаралар аз емес, - деп атап көрсетті К.Алиев.

Қауыл етеді:


Директор К.Алиевтің атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



М. Ж.Жумабаев

Хатшы:



А.Токтаров

